

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
20 жылғы «» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_ бұйрығына -қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуір  
№ 115 бұйрығына -қосымша

Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптары үшін «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың денсаулығын жақсарту және олардың өмірдің әртүрлі салаларында (оқу, тұрмыстық, еңбек) барынша мүмкін болатын өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін қимыл-қозғалыс қабілеттері мен жеке қасиеттерін дамытудың жеке қол жетімді деңгейіне қол жеткізу.

3. Бағдарламаның оқу мақсаттары:

1) қозғалыс белсенділігін ынталандыру, қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, дене қасиеттерін дамыту;

2) қозғалыс ауқымын кеңейту және ықтимал бұзылыстардың алдын алу; сенсорлық-перцептивті іс-әрекетін жетілдіру;

3) қозғалыстар мен әрекеттердің дәлдігі мен мақсаттылығын қалыптастыру;

4) спорттық терминологияны қолдану негізінде балалардың сөздік қорын байыту;

5) ойын және ерікті қозғалыс әрекетін қалыптастыру үшін оңтайлы қозғалыс режимін және педагогикалық жағдайларды қамтамасыз ету;

4. Бағдарламаның түзете-дамыту міндеттері:

1) әлеуметтік тұрмыстық және еңбек дағдылары мен икемдерін дамытудың негізі болып табылатын қозғалыс әрекеттерін зерделеу және жетілдіру;

2) дене дамуының бұзылуын түзету; координациялау қабілеттерін дамыту; көру-қозғалыс координациясын жақсарту;

- 3) дененің жұмыс қабілетінің тұрақты көрсеткіштерін қол жеткізілген деңгейде сақтау;
- 4) вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

## 2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

### 5. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

- 1) ұжымдық оқыту жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігі;
- 2) алдыңғы жұмыста қолданылатын мұғалімнің көмегін ынталандыратын бағыттаушыға әлсіз реакция;
- 3) коммуникативтік, реттеуші, жоспарлаушы сөйлеу функцияларының өрескел дамымауы;
- 4) бастауыш сынып оқушыларының өз белсенділігін сақтаудағы және қырық бес минут ішінде бір оқу пәнінің мазмұнына зейінін шоғырландырудағы шағын ресурсы;
- 5) қалыптасатын дағдыларды автоматтандырудың қиындықтары.
- 4) қалыптасып жатқан дағдыларды автоматтандырудағы қиындықтар.

6. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің негізінде зияты айқын және орташа бұзылылған адамдардың өмірін "қалыпқа келтіру" тұжырымдамасы жатыр. Оқушылардың жеке дамуына, әлеуметтік тәжірибені қалыптастыруына жағдай жасау және оларды қоршаған ортадағы адамдарға, заттарға, іс-әрекеттерге, қарым-қатынастарға тарту көзделеді.

7. Бастауыш сыныптарда педагогикалық іс-шаралар эмпирикалық білімді меңгеру үшін қажетті алғышарттарды, психикалық құралдар мен әдістерді, соның ішінде ересектермен және балалармен ынтымақтастықты құруға бағытталған.

8. Зиятының орташа түрде бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру арнайы педагогика принциптеріне негізделеді.

9. Оқушының өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын тану принципі. Педагогтар үнемі өзгеріп отыратын мүмкіндіктерді зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды және оқушылардың дағдыларын дамыту мен меңгерудегі минималды жетістіктерді тіркейді. Кез келген прогресс оқудың оң нәтижесі ретінде қарастырылады.

10. Мұғалімнің әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен оқу, жеке жетістіктерін бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдау принципі.

11. Оқушылардың практикалық іс-әрекеті мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру үшін тиісті мектеп ортасын құру принципі:

- 1) икемдер мен дағдыларды қалыптастыру осы дағдылар қолданылатын жағдайға барынша жақын жағдайда жүзеге асырылады,

бұл білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстырудағы елеулі қиындықтарға байланысты;

2) сабақтарды ұйымдастыруға арналған бөлмелердің жабдықталуы әртүрлі өмірлік жағдайларды бейнелейді;

3) мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және пәндік-дамытушы орта оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады (дене жаттығулары үшін, демалыс үшін ұйымдастырылған, санитарлық- гигиеналық орындар қажет).

4) оқушылардың қажеттіліктерін өзгеруіне қарай пәндік орта да өзгереді .

12. Бағдарламаны іске асырудың дидактикалық тәсілдері :

1) ынтымақтастықта оқу;

2) көпдеңгейлі және сараланған тәсіл;

3) денсаулықты сақтау, ойын, тұлғаға бағытталу, ақпараттық-коммуникациялық тәсілдер;

4) арнайы жабдықтар мен құрылғыларды пайдалану.

13. Білім алушымен нақты жеке және шағын топтық жұмыстың мазмұны оның психофизикалық жай-күйінің ерекшеліктерін зерттеудің (диагностиканың) нәтижелерімен анықталады.

14. Тексеру барысында қол жеткізілген даму деңгейі ғана емес, міндетті түрде жақын даму аймағы да анықталады. Сонымен қатар, іс-әрекет компоненттерін меңгеру деңгейі бағаланады, оның ішінде: мотивациялық-бағдарлық, операциялық, бақылау және бағалау.

15. Диагностика нәтижелері жеке және/немесе топтық сабақ жүргізу үшін топтарды және топшаларды құруда шешуші фактор болып табылады.

16. Сабақтарды өткізу әдістемесі мыналарды қамтиды:

1) оқу-тәрбие процесінің коррекциялық бағыттылығы;

2) қарапайым қозғалыс әрекеттерін қалыптастыру үшін қажетті уақытты жоспарлау, кейіннен алынған дағдыларды жаңа жағдайлар мен жағдаяттарда қайта-қайта бекіту, жаңа дағдыларды қалыптастыру барысында да оларды үнемі қайталау;

3) оқушының қимыл-қозғалыс тәжірибесінде автоматтандырылған, жеткілікті түрде меңгерілген икемдер мен дағдылар негізінде жаңа қимыл-қозғалыстар мен әрекеттерге көшу ;

4) оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, бүкіл сабақтың немесе жеке жаттығулардың дене белсенділігін реттеу (тапсырмалардың көлемі, қарқындылығы және күрделілігі).

17. Түзете-дамыту жұмыс сапасының негізгі өлшемі оқушылардың қозғалыс дағдыларын меңгеруінің оң динамикасы және денсаулық жағдайы болып табылады. Оқушының моторикасының дамуы мен денсаулығының жай-күйі мен динамикасын бақылау міндетті болып табылады. Осы мақсатта жыл сайын әр оқушыға «Дене дамуының жеке картасы» жүргізіледі.

18. Сабақтар санитарлық-гигиеналық және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келетін арнайы жабдықталған спорттық-сауықтыру залдарында өткізіледі.

Бөлмелер Бағдарламаны іске асыру үшін қажетті спорттық құрал-жабдықтармен және инвентарлармен жабдықталады.

19. Бағдарламаны іске асыруға арналған техникалық құралдар мен жабдықтар: жұмсақ модульдер, гамак, әткеншек, сенсорлық интеграцияға арналған тренажерлар, қол және аяқ массажерлері; әртүрлі мөлшердегі және конфигурациядағы фитболдар; қол, білезік, қос әрекет эспандерлері; іздік, массаж жолдары; механикотерапиялық тренажерлар; доптар, медицинболдар; гимнастикалық таяқтар, құрсаулар (әртүрлі қалыңдықтағы және өлшемдегі); сенсорлық, теңгеруші жолдары; құрғақ бассейн; тактильді жолдар мен шарлар; ұсақ моториканы жаттықтыу құрылғылар, аспалы платформалар, арқандар, сақиналар, өрмелеуге арналған түтіктер, өрмелеуге арналған «бөшкелер», шарикті бассейндер, құрылысқа арналған жұмсақ модульдер, Үкінің шұлығы, салмақты көрпелер, шарфтар, теңгергіш және тактильді жолсызықтары, жалғыз қалуға арналған бұрыш (шатыр, үйшік).

20. Бағдарламаның мазмұны ұсыныс түрінде берілген. Мұғалім оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бағдарлама мазмұнына кез келген өзгерістер енгізуге құқылы. Қайталауды және бірте-бірте кеңейтуді, оқытылатын ұғымдарды, лексиканы, фразеологизмдерді, практикалық жаттығуларды күрделендіріп отыруды көздейтін концентрлік принципке сәйкес өтпелі тақырыптар әр сыныпта ортақ тақырып ретінде қайталаынады. Мектептің педагогикалық кеңесі аймақтық ерекшеліктерді және оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, пәнге және ортақ тақырыптардың ретіне өзгерістер енгізе алады

21. Бағдарламаның мазмұны жеке бағдарламаларды дайындауға негіз болып табылады. Жеке бағдарлама арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде құрастырылады, оны мұғалімдер белгіленген тәртіппен жүргізеді.

22. Оқу жетістіктерін баллдық бағалау қолданылмайды. Жетістікті бағалау үшін сипаттамалық бағалау қолданылады.

### 3 –тарау. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

#### Параграф 1. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» оқу пәнінің мазмұны

23. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген).

24. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) «Қимыл-қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру»;

2) «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту».

25. «Қимыл- қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру» бөлімі келесідегідей бөлімшелерді қамтиды:

1) арқаны тік ұстауды және тепе-теңдікті ұстауды дамыту;

2) жалпы моториканы дамыту;

3) ұсақ моториканы дамыту;

4) тыныс алуды қалыпқа келтіру;

5) тактильді-моторлы қабылдауды қалыптастыру.

26. «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту» бөлімі келесідегідей бөлімшелерді қамтиды:

1) өз денесінде бағдарлану;

2) кеңістікті бағдарлау;

3) қозғалыстардың координациясын дамыту;

4) дененің әрекеттері мен қимылдарын үйлестіруді дамыту.

27. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Қимыл-қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру» бөлімі. Киім формасы, сабақта өзін-өзі ұстау және қозғалыс ережелері, жеке бас гигиенасы ережелері туралы білім негіздері. Дене мүсінін тік ұстау параметрлері және оны мұғалімнің жетекшілігімен тексеру. Жаттығу кезінде тыныс алу, қалпына келтіретін тыныс алу. Мұғалімнің жетекшілігімен қарапайым жаттығулар мен тыныс алу жаттығуларының элементтерін орындау арқылы денсаулықты нығайту және денені шынықтыру. Жалпы моториканы дамыту: мұғалімнің (көрсету, сөздік) нұсқауы бойынша әрекеттер, қозғалыстар жасау, бұрылыстар, қол қимылдарымен бұрылыстар, бағытты өзгертіп жүру. «Із іздеуші» ойыны, жорғалау, отырып тұру, аяқты ырғалып басу, теңселу, еңкею, сапқа тұру және қайта тұру. Сөйлеу сүйемелдеумен саусақ гимнастикасы. Екі қолдың жұмысын синхрондауға арналған жаттығулар: (үлкен кіші) шарды алу. Заттардың және жазық фигуралардың өлшемдерін сипалап қарау арқылы анықтау: үлкен – кіші, «Ғажайып қап» ойыны. Дененің, аяқ-қолдардың әртүрлі қалыптарын сезіну түйсіктерді қалыптастыру, «Теңіз толқиды» ойыны;

2) «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту» бөлімі. Мұғалімнің жетекшілігімен қозғалыстың кеңістіктік-уақыттық дифференциациясын және дәлдігін дамытуға арналған жаттығулар. Тепе-теңдік жаттығулары: «Аяқ ізі»; қол және көз қимылдарын үйлестіруді дамыту,

заттармен жаттығулар (доп, секіру жібі, құрсау, гимнастикалық таяқ, жалаушалар, ленталар). Еліктеу арқылы баспен, қолмен, денемен қозғалыстарды, қалыптарды орындау. Релаксация, босансу, кернеу, созылу жаттығуларын орындау. Жатып, отырып, тұрып тыныс алу жаттығулары. Сезімдерді вербализациялау, «Көрсет және тап» ойыны (жануарлардың қимылдарына еліктеу). Теңгергіштерді, әткеншектерді, гамакты, ілулі платформаны, допты бассейнді, Үкі шұлығын, салмақты көрпелерді, шарфты пайдаланып жаттығуларды орындау. Жұмсақ модульдерден құрастыру.

28. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Қимыл-қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру» бөлімі. Киім формасы, сабақта өзін-өзі ұстау және қозғалыс ережелері, жеке бас гигиенасы ережелері туралы білім негіздері. Дене мүсінін тік ұстау параметрлері және оны мұғалімнің жетекшілігімен тексеру. Биіктігі 10-15 см заттардың үстінен асып жүру, жылдамдықты бірте-бірте азайтып жүгіруден жылдам жүруге көшу. Көру талдауды қалыптастыру (2-3 бөліктен тұратын заттарды зерделеу), ойын: «Заттарды салыстыр», «Қандай бөлік жетіспейді?» (шелектің тұтқасы, қуыршақтың қолы). Жорғалау, өрмелеу: объектіге жету үшін, 2 метрге дейін қашықтыққа, тартылған жіптің астынан (биіктігі 50 см), диаметрі 50 см құрсаудың ішімен өрмелеп өту, гимнастикалық баспалдақпен ересектердің сақтандырумен өрмелеу - жоғары және төмен (биіктігі 2 м-ге дейін), қолдың көмегімен, қолдың көмегінсіз тартылған жіптен асып өрмелеу. Затты көтеру және лақтыру дағдысын қалыптастыру, затты ұстап тұру және басқа орынға апару, құм салынған дорбаны итеру, допты алға итеру, допты (диаметрі 25 см) тұру, отыру қалыптан алға қарай домалату, мұғаліммен жұптасып; допты алып жүру, (диаметрі 6-8 см) допты астыға қарай, қашықтыққа лақтыру. Қасында тұрған (отырған) адамға оңға – солға бұрылыстар жасау арқылы заттарды беру, алға және оңға-солға еңкеюі;

2) «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту» бөлімі. Өз денесінде бағдарлау (аяқ, қол, бас, іш), жаттығу залында бағдарлау: берілген бағытта қозғалу (алға, артқа). Жаяу жүру және тепе-теңдікті сақтау жаттығулары: еденде жатқан жолсызығымен түзу бағытта жүру, бір ұшы еденнен 5 см-ге көтерілген тақтаның үстінде ересек адамның көмегімен жоғары және аяғына дейін төмен қарай жүру (тақтайдың ені 25 см, ұзындығы 1,5 - 2 м), гимнастикалық орындыққа көтерілу және түсу, жерде жатқан арқанның немесе таяқтың үстінен аттап өту. Босансу, кернеу, созылу жаттығуларын орындау. Жатып, отырып, тұрып тыныс алу жаттығуларын жасау. Роликті тақтайға ішпен жату калпында алға жылжу. Теңгергіштерді, әткеншектерді, гамакты, ілулі платформаны, допты бассейнді, Үкі шұлығын, салмақты көрпелерді, шарфты пайдаланып жаттығуларды орындау. Жұмсақ модульдерден құрастыру.

29. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Қимыл-қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру» бөлімі. Мұғалімнің көмегімен топшаларға бөлініп немесе бүкіл топпен бір-бірден қолоннаға, сапта, шеңберге көрнекі бағдар (сызылған шеңбер, сызық, реттеліп қойылған кеглилер), ауызша нұсқаулар бойынша тұру. Қол буын жаттығулары, иық белдеуінің бұлшықеттерін дамыту және күшейту: жаңғақтарды домалату, шарларды уқалау, балаларға арналған экспандер немесе резеңке сақинамен қолды қысу және ашу, «Саусақтардың сәлемдесуі» ойыны, денеге жақындатып, алыстатып қолды бұту және созу, қолды жалауша ұстап көтеру және бастың үстінен жалашамен бұлғау (сол және оң қолды кезектестіру), екі қолды бастың үстінен жоғары бірдей көтеру, оларды бұлғау, заттарды бір қолдан екіншісіне ауыстыру алдында, артында, бастың үстінде. Дұрыс дене мүсінін қалыптастыруға, арқа бұлшықеттерін дамыту мен нығайтуға, омыртқаның икемділігін арттыруға және жалпақ аяқтың алдын алуға арналған жаттығулар: допты бір-біріне бастың үстінде алға-артқа беру, «Велосипед» жаттығуы, аяқтың ұшымен жүру, мұғалімнің артынан көрнекі бағыттау құралы бойынша (жалау, дыбыстық доп) жұппен әртүрлі бағытта жүру, мұғалімнің артынан жұппен шеңбер бойымен жүру, жыланша ирелендеп, заттардың арасында бытырап шашылып еркін жүру, сымның, текшелердің үстінен аттап өту. Фактуралық сырты бетпен жүру (массаж төсеніші, массаж жолсызығы), көлденең күйден тік күйге өз-бетінше көтерілу және керісінше. Жануарлардың тыныс алуына еліктеу (ит дем алады, тышқан дем алады), еліктеу элементтері бар мұғалім көрсеткен қимылдары бойынша қозғалу: «үлкен допты үрлеу», «доптың желі шығып кетті», «үлпекке үрлеу», «әлсіз жел», «қатты жел»;

2) «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту» бөлімі. Өз денесінде бағдарлау (аяқ, қол). Спортзалда бағдарлау: берілген бағытта қозғалыс (алға, артқа). Жаяу жүру және тепе-теңдік жаттығулары: еденде жатқан жолмен түзу бағытта жүру, бір ұшы еденнен 5 см-ге көтерілген тақтадың бойымен ересек адамның көмегімен үстімен ары-бері жүру (тақтайдың ені 25 см, ұзындығы 1,5 – 2 м.), гимнастикалық орындықта көтерілу және түсу, жерде жатқан арқанның немесе таяқтың үстінен өту. Босаңсу, кернеу, созылу жаттығуларын орындау. Жату, отыру, тұру тыныс алу жаттығулары. Ішпен роликті тақтайда жатып, алға қарай жылжу. Дене мүсінін тік ұстау (вертикалды заттарға сүйеніп, еденде жатқан кезінде), көмекші құралдарсыз дұрыс дене қалпын ұстау. Теңгергіштерді, әткеншектерді, гамақты, ілулі платформаны, допты бассейнді, Үкі шұлығын, салмақты көрпелерді, шарфты пайдаланып жаттығуларды орындау. Жұмсақ модульдерден құрастыру.

30. «Белсенді қозғалуға бағытталған жеке және топтық сабақтар» пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) «Қимыл-қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру» бөлімі. Плинтусы жоқ қабырғаның қасында денені тік ұстап тұру (бастың артқы жағы, жауырлар, бөкселер, өкшелер қабырғаға тиеді). Арқа бұлшық еттерін нығайтуға арналған жаттығулар: «Мысық», «Кітап», «Құс». Жалпақтабанды алдын алу жаттығулары: аяқты бұту және жазу, аяқтың

өкшесімен тұрып ұшымен тұруға ауысу, аяқ саусақтарын қозғалту, аяқ өкшелерін, ұштарын біріктіру және ажырату. Аяқ басын саусақтарды қозғалту арқылы жылжыту, аяқ басын екінші аяқтың бойымен сырғыту, тобық буынның айналмалы қозғалысы. Жаттығулар: «Жүру», «Ат». Көз қозғалыстары: жоғары, төмен, солдан оңға қарай және кері қарай, бір жағына және екінші жағына қарай, көзді қатты жабу, ашу және жылдам-жылдап жыпылықтату. Тыныс алу гимнастикасы: мұғалімнің нұсқауы бойынша дем алу және дем шығару ұзақтығын өзгерту, қолды екі жағына созып жоғары көтеру – бүкіл денемен жоғары созылу - дем алу, қолды төмен түсіру - босаңсу - дем шығару, диафрагмалық тыныс алуды үйрену, ойын тәрізді жаттығулар: «Гүлді иіске», «Қолымызды жылытамыз»;

2) «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту» бөлімі. Вестибулярлық аппаратты ынталандыратын тепе-теңдік жаттығуларын орындау. Мұғалімнің жетекшілігімен жүрудің әртүрлі түрлерінің комбинациясын жасау: жамбастың жоғары көтерілуімен, жартылай жүрелеп жүру. Еденде аяқ ұшымен тұру, гимнастикалық орындықта тұру. Жаттығулар: «Дегелек», «Қарлығаш». Қол қозғалыстарымен үйлестіріп кеудені еңкейту, бұру. Аяқты алға, артқа жатқан қалпында сермеу, аяқты кезекпен көтеру. Релаксация, кернеу, созылу жаттығуларын орындау. Жатып, отырып, тұрып тыныс алу жаттығулары. Етпетінен жату қалыпта: басты көтеру, қолды тіреп артқа қарай иілу. Теңгергіштерді, әткеншектерді, гамакты, ілулі платформаны, допты бассейнді, Үкі шұлығын, салмақты көрпелерді, шарфты, оңаша қалу бұрышты (шатыр, үйшік) пайдаланып жаттығуларды орындау. Жұмсақ модульдерден құрастыру.

## Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

31. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін, төртінші сан білім беру мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4 кодтауында «1» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының нөмірленуі.

32. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) «Қимыл-қозғалыс дағдыларын және арқаны тік ұстауды қалыптастыру» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1- сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
1.1. Арқаны тік ұстауды және тепе-теңдікті	1.1.1.1 ішпен жатып арқаға қарай айналып мұғалімнің	2.1.1.1 ішпен жатып арқаға қарай және кері қарай айналып мұғалімнің	3.1.1.1 ішпен жатып арқаға қарай мұғалімнің нұсқасы	4.1.1.1 ішпен жатып арқаға қарай және кері қарай айналып ауысу



ұстауды дамыту	көмегімен ауысу	көмегімен ауысу	бойынша айланып ауысу	
	1.1.1.2 мұғалімнің артынан ені 1 метр дәліз бойымен жүру	2.1.1.2 мұғалімнің басшылығым ен түзу бағытпен жүру	3.1.1.2 мұғалімнің жетекшілігімен белгіленген бағдаршамдар бойынша жүру	4.1.1.2 белгіленген белгілер бойынша жүру
	1.1.1.3 гимнастикалық орындықта мұғалімнің көмегімен жүру	2.1.1.3 мұғалімнің бақылауымен гимнастикалық орындықтың үстінде жүру	3.1.1.3 мұғалімнің бақылауымен гимнастикалық орындықтың үстінде жүру	4.1.1.3 гимнастикалық орындықта жүру
1.2. Жалпы моториканы дамыту	1.1.2.1 ересек адамның көрсетуі бойынша әрекеттерді орындау: «Іздер жолы»	2.1.2.1 ересек адамның көрсетуі бойынша әрекеттерді орындау: бұрылыстар, сапқа қайта тұру	3.1.2.1 ересек адамның көрсетуі бойынша жаттығуларды орындау: бұрылыстар, сапты қайта құру, тепетеңдікті сақтау жаттығулары	4.1.2.1 сөйлеу нұсқаулығы бойынша заттармен және заттарсыз тізбектелген қозғалыстар қатарын орындау
	1.1.2.2 мұғалімнің жетекшілігімен бір қатарға тұру	2.1.2.2 мұғалімнің жетекшілігімен бір қатарға тұру, сапқа тұру	3.1.2.2 еліктеу бойынша жаттығуларды орындау	4.1.2.2 сигнал бойынша сапта өз орнын табу
	1.1.2.3 мұғалімнің жетекшілігімен сапқа тұру	2.1.2.3 мұғалімнің жетекшілігімен бір-бірден бағанға тұру	3.1.2.3 жүгіруге бірқалыпты ауыса отырып, аяқ саусақтарымен, өкшелерімен және аяқтың ішкі доғаларымен жүру	4.1.2.3 жүгіруге бірқалыпты ауыса отырып, аяқ саусақтарымен, өкшелерімен және аяқтың ішкі

				доғаларымен жүру
1.1.2.4 еліктеу арқылы бір орнында тұрып секіру	2.1.2.4 еліктеу арқылы бір орнында тұрып секіру	3.1.2.4 үлкен және орташа өлшемді доптарды қағып алу және лақтыру	4.1.2.4 5 м қашықтықта н доптылақтырып нысанаға тигізу	
1.1.2.5 шеңберде тұрып допты қолдан қолға беру	2.1.2.5 шеңберде тұрып бір үлкен допты бір-біріне беру	3.1.2.5 шеңберде тұрып бір үлкен допты бір-біріне беру	4.1.2.5 допты жерден алу, лақтыру және қағып алу	
1.1.2.6 мұғалімнің мысалы ретін көрсетуі бойынша құм салынған дорбаны лақтыру	2.1.2.6 мұғалімнің көрсеткен үлгісі бойынша құм салынған дорбаны (теннис добын) лақтыру	3.1.2.6 құм дорбасын ауызша нұсқау бойынша лақтыру	4.1.2.6 құм салынған дорбаны нысанаға лақтыру	
1.1.2.7 мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау: ішпен жатып, аяқты кезекпен көтеру, арқамен жатып, «велосипед» жасау	2.1.2.7 мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау: ішпен жатып, аяқты кезектесіп және бірге көтеру, арқамен жатып, аяқты кезекпен көтеру, «велосипед» жасау	3.1.2.7 мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау: ішпен жатып, аяқты кезектесіп және бірге көтеру, - басты көтеру, арқамен жатып, аяқты кезекпен көтеру, «велосипед» жасау, денені көтеру	4.1.2.7 мұғалімнің жетекшілігімен жаттығуларды орындау: ішпен жатып, аяқты кезектесіп және бірге көтеру, басты көтеру, арқамен жатып, аяқты кезекпен көтеру, «велосипед» жасау, денені көтеру	

1.3. Ұсақ моториканы дамыту	1.1.3.1 сөйлеу сүйемелдеуімен саусақ жаттығуларының еліктеу арқылы орындау: бір, екі, үш, төрт, бес, саусақтарды ез-ез. Бір, екі, үш, төрт, бес саусақтарды санаймыз тез-тез-тез	2.1.3.1 логомоториканы мұғаліммен бірге орындау – әр саусақтың жұмсақ ұшыарын бас бармақпен кезекпен жалғау арқылы «Сақина» құрастыру	3.1.3.1 мұғаліммен бірге «Мүйіздер» ойынын ойнау	4.1.3.1 «Крестик-нолик», «Жұдырық-қабырға-алақан» ойынын мұғаліммен бірге орындау
	1.1.3.2 заттармен саусақ гимнастикасын мұғалімнің артынан қайталап орындау (қыстырғыштар, қырлы қарындаш, бүршіктер, суджок доп )	2.1.3.2 заттармен саусақ гимнастикасын мұғалімнің жетекшілігімен орындау (қыстырғыштар, қырлы қарындаш, бүршіктер, суджок доп )	3.1.3.2 заттармен саусақ гимнастикасын орындау (қыстырғыштар, қырлы қарындаш, бүршіктер, суджок доп )	4.1.3.2 заттармен саусақ гимнастикасын орындау (қыстырғыштар, қырлы қарындаш, бүршіктер, суджок доп )
1.4. Тыныс алуды қалыпқа келтіру	1.1.4.1 тегіс созылыңқы, ұзақ дем шығаруды дамытуға арналған жаттығуларды мұғаліммен бірге орындау	2.1.4.1 тегіс созылыңқы, ұзақ дем шығаруды дамытуға арналған жаттығуларды мұғаліммен бірге орындау	3.1.4.1 тегіс созылыңқы, ұзақ дем шығаруды дамытуға арналған жаттығуларды мұғалімнің жетекшілігімен орындау	4.1.4.1 тегіс созылыңқы, ұзақ дем шығаруды дамытуға арналған жаттығуларды орындау
	1.1.4.2 сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуға	2.1.4.2 сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс	3.1.4.2 сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс алуға арналған	4.1.4.2 сөйлеу кезіндегі дұрыс тыныс

	арналған жаттығуларды мұғалімнің артынан қайталап орындау	алуға арналған жаттығуларды, тақпақ түріндегі жаттығуларды мұғаліммен бірге орындау	жаттығуларды, тақпақ түріндегі жаттығуларды мұғалімнің жетекшілігімен орындау	алуға арналған жаттығуларды, тақпақ түріндегі жаттығуларды орындау
	1.1.4.3 дұрыстығын алу арқылы бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын мұғалімге еліктеп, артынан қайталап орындау	2.1.4.3 дұрыстығын алу арқылы бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын мұғалімге еліктеп орындау	3.1.4.3 дұрыстығын алу арқылы бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын мұғалімнің бақылауымен орындау	4.1.4.3 дұрыстығын алу арқылы бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын орындау
	1.1.4.4 дем шығаруда чу-чу-чу (паровоз), ш-ш-ш (вагондар), у-у-у (ұшак), ш-ш-ш (қоңыз) дыбыстардың айтылумен тыныс алу жаттығуларын еліктеу арқылы орындау	2.1.4.4 мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды әртүрлі бастапқы қалыпта: отыруда, тұруда, жатуда жаттықтыру жаттығуларын мұғалімнің жетекшілігімен орындау	3.1.4.4 әртүрлі бастапқы қалыпта: отыруда, тұруда, жатуда мұрын және ауыз арқылы тыныс алу жаттығуларын, жүру кезінде дем шығаруда дыбыстарды айтылуымен тыныс алу жаттығуларын мұғалімнің жетекшілігімен орындау	4.1.4.4 әртүрлі бастапқы қалыпта: жатуда, отыруда, тұруда мұрын және ауыз арқылы тыныс алу жаттығуларын, жүру кезінде дем шығаруда дыбыстарды айтылумен тыныс алу жаттығуларын орындау
1.5. Тактильді-моторлы	1.1.5.1 пластилинді домалату	2.1.5.1 пластилинді домалату	3.1.5.1 мозаикамен жаттығуларды	4.1.5.1 заттармен жазық фигураларды

кабылдауды қалыптастыру	жаттығулары н мұғалімге еліктеп, артынан қайталап орындау	жаттығулары н ауызша нұсқау бойынша орындау	орындау: «Қандай түс жоқ болып кетті», «Гүлді жина»	ң өлшемін сипалау арқылы анықтау: үлкен – кіші, «Ғажайып қап» ойыны
	1.1.5.2 тактильді сезгіштікті дамыту жаттығулары н мұғалімге еліктеу арқылы орындау	2.1.5.2 тактильді сезгіштікті дамыту жаттығулары н мұғалімнің жетекшілігімен орындау	3.1.5.2 тактильді сезгіштікті дамыту жаттығуларын мұғалімнің жетекшілігімен орындау	4.1.5.2 тактильді сезгіштікті дамыту жаттығулары н мұғалімнің жетекшілігімен орындау

2) «Қозғалыстардың координациясы мен үйлесімділігін дамыту» бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары			
	1 сынып	2-сынып	3-сынып	4 сынып
2.1. Өз денесінде бағдарлану	1.2.1.1 оң, сол қолдың қозғалыстары н мұғалімнің артынан қайталау	2.2.1.1 мұғалімнің көмегімен қозғалыстарды орындау (қолды жоғары көтеру, алға созу)	3.2.1.1 мұғалімнің көмегімен қозғалыстарды орындау (қолды жоғары, алға, бүйірге, иыққа)	4.2.1.1 сөйлеу нұсқауы бойынша қимыл-қозғалыстарды орындау (қолды жоғары, алға, бүйірге, иыққа, бастың артына)
	1.2.1.2 мұғалімге еліктеп және артынан қайталап бет сызбасында бағдарлауға арналған жаттығуларды орындау: «Менің	2.2.1.2 мұғалімге еліктеп, артынан қайталап бет сызбасында бағдарлауға арналған жаттығуларды орындау: «Менің	3.2.1.2 мұғалімге еліктеп, артынан қайталап бет сызбасында бағдарлауға арналған жаттығуларды орындау: «Менің	4.2.1.2 мұғалімге еліктеу арқылы бет сызбасында бағдарлауға арналған жаттығуларды орындау: «Менің бетімде не

бетімде не бар»	бетімде не бар» «Сен жасау білесін бе?»	бетімде не бар» «Сен жасай аласың ба?», «Менің денем».	бар» «Сен жасау білесін бе?» «Менің денем», «Қолдан аяққа»
1.2.1.3 босаңсу жаттығулары н жатып орындау	2.2.1.3 тіп-тік созылып жату, босаңсу жаттығулары н орындау	3.2.1.3 босаңсу жаттығуларын орындау	4.2.1.3 қолдың, аяқтың бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын орындау
1.2.1.4 мұғалімге еліктеп, артынан қайталап қолдың бұлшық еттерін босаңсыту жаттығулары н орындау	2.2.1.4 қолдың бұлшық еттерін босаңсыту жаттығулары н орындау	3.2.1.4 қолдың бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын орындау	4.2.1.4 қолдың бұлшық еттерін босаңсыту жаттығуларын орындау
1.2.1.5 салмақты заттарды (көрпе, шарф) қолданумен жаттығуларды, Үкі шұлығында отыруды еліктеу арқылы орындау	2.2.1.5 Үкі шұлығын қолданумен жаттығуларды орындау: шұлықта аунап жүру немесе жорғалау, «Теңіз толқиды, бір!»	3.2.1.5 Үкі шұлығын қолданып жаттығуларды орындау	4.2.1.5 Үкі шұлығын қолданып жаттығуларды орындау
1.2.1.6 сенсорлық теңгеру жолын қолданып жаттығуларды орындау	2.2.1.6 құрғақ бассейнді, тактильді жолдар мен кіші шарларды қолданып	3.2.1.6 ұсақ моториканы дамытуға арналған тренажерларды, ілулі платформалар	4.2.1.6 теңгергішті, тактильді жолдарды, оңаша қалу бұрышты (шатыр, үй)

		жаттығуларды орындау	ын, арқандарды қолданып жаттығуларды орындау	қолданып жаттығуларды орындау
2.2. Кеңістікті бағдарлау	1.2.2.1 өз денесінде бағдарлау жаттығулары н мұғалімге еліктеп, артынан қайталап орындау	2.2.2.1 жақын ортада бағдарлау жаттығулары н мұғалімге еліктеп орындау	3.2.2.1 жақын ортада бағдарлау жаттығуларын мұғалімнің жетекшілігімен орындау	4.2.2.1 жақын ортада бағдарлау жаттығуларын орындау
	1.2.2.2 белгіленген жерде (шеңберлерде, шаршыларда) қатарға тұруды оқытушының жетекшілігімен орындау	2.2.2.2 белгіленген жерде (шеңберлерде, шаршыларда) созылған қол аралықпен бір лек қатарға тұруды мұғалімнің жетекшілігімен орындау	3.2.2.2 белгіленген жерде (шеңберлерде, шаршыларда) созылған қол аралықпен бір лек қатарға, бағдар бойынша шеңберге тұруды мұғалімнің жетекшілігімен орындау	4.2.2.2 белгіленген жерде (шеңберлерде, шаршыларда) созылған қол аралықпен бір лек қатарға, бағдар бойынша шеңберге тұруды орындау
